



210 МЫҢ ОҚУШЫ
ЛАГЕРЬГЕ БАРАДЫ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ЗЫМЫРАН ҺӘМ
ЗАПЫРАН

5-БЕТ | САРАПТАМА



ТӘТТІНІҢ АЩЫ
АЗАБЫ

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Жақсылыққа жақсылық –
әр кісінің ісі, жамандыққа
жақсылық – ер кісінің ісі.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

”

№58
(4802)
Сейсенбі
20 мамыр
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АСТАНА ӘУЕЖАЙЫН ДАМЫТАДЫ

Біріккен Араб Әмірліктерінің Terminals Holding компаниясы Астана әуежайын, арнайы экономикалық аймақты және оған іргелес аумақтарды дамытуға инвестиция құяды.

Terminals Holding компаниясы өзінің еншілес кәсіпорны Terminals Astana Airport Limited компаниясымен Астанадағы Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайын сенімгерлік басқару туралы 25 жылдық инвестициялық келісім-шарт жасасқанын хабарлады.

Terminals Holding компаниялар тобы басқаруының бірінші жылының өзінде, яғни 2024 жылы әуежай 790 миллион теңге кіріске қол жеткізіп, керемет нәтиже көрсетті. Әуежай арқылы жолаушылар ағыны 2023 жылы жылына 7,5 миллион жолаушыдан 2024 жылы 8,3 миллион жолаушыға дейін өсті.

2024 жылы жүргізілген талдау нәтижелері мен жобаның болашағын айқындаған алғашқы табыстарға сүйене отырып, Астана әуежайын дамытуға бағытталған кешенді бағдарламаны жүзеге асыру туралы шешім қабылданды. Бағдарлама аясында тікелей инвестиция көлемі 153 миллиард теңгені құрайды. Сонымен қатар алдағы 25 жыл ішінде үшінші тараптардан 393 миллиард теңгеге дейін жанама инвестициялар тарту көзделіп отыр. Бұл қаражат инфрақұрылымды ауқымды түрде кеңейтуге бағытталады.

Василий КРАСЬ

БИ МАРАФОН START

10 km 00:00

21 km 00:08

АСТАНАДА ӨТКЕН ДЕМАЛЫС КҮНІ ТАҒЕРТЕҢ ЕРТЕ БАСТАЛҒАН ДӘСТҮРЛІ ВІ МАРАФОН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАРЫСЫНА ЖАҢБЫРДЫҢ ЖАУЫП ТҮРҒАНЫНА ҚАРАМАЙ 5 МЫҢНАН АСА АДАМ ҚАТЫСТЫ. МАРАФОННАН ТҮСКЕН ҚАРАЖАТ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫНА ЖОЛДАНДЫ.

ЕРТЕ ЖҮГІРГЕН
ЕЛОРДА

8

444 ОҚУШЫ – «АЛТЫН БЕЛГІГЕ» ҮМІТКЕР

Елордада 444 оқушы «Алтын белгіге» үміткер болып отыр. Бұл туралы Астана қалалық білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев мәлім етті.

«Биыл елорда мектептерінде 288 531 оқушы білім алды. Оның ішінде 11-сыныпты – 14 274 түлек, ал 9-сыныпты 24 479 оқушы аяқтайды. 444 оқушы – «Алтын белгіге», 1 087 оқушы – үздік аттестатқа үміткер. Оқу жылы 2025 жылдың 23 мамырында аяқталды. Жыл қорытындысы ретінде елорданың барлық мектептерінде «Білімім – Отаным!» тақырыбында

бірыңғай сынып сағаттары өтеді. Аталған іс-шаралар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына негізделіп, оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталады» деді басқарма басшысы.

Биыл елордада 11-сынып түлектері үшін оқу жылының аяқталуына арналған салтанатты іс-шара 24 мамыр күні сағат 10:00-де өтеді.

Қазақстанға Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер жеткізілді. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мәлім етті.

Берілген ақпаратқа сәйкес, суперкомпьютердің өнімділігі шамамен 2 эксафлопсты құрайды.

«Бұл – Орталық Азия тарихындағы алғашқы суперкомпьютерлік кластер. Ол жасанды интеллект пен жоғары өнімді есептеулерге арнайы жасалған NVIDIA H200 жаңа графикалық чиптерінің негізінде жинақталған. Суперкомпьютерді орнату және іске қосу оның үздіксіз әрі тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін Tier III сенімділік деңгейіндегі ЦДИАӨМ-тің жаңа деректер орталығында жүзеге асырылады. Бұл – Президенттің өзінің цифрлық инфрақұрылымын құру және ұлттық AI-экожүйесін дамыту жөніндегі Жолдауын жүзеге асыру жолындағы маңызды қадам» делінген хабарламада.

КОНКУРДАН ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЛИГАНЫҢ
ӘЛЕМ КУБОГЫ КЕЗЕҢІ FEI CSI 1*-W

АТПЕН МӘНЕРЛЕП ЖҮРУДЕН
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР FEI CDI 1*

30.05 - 01.06.2025



«Арғымақ»
ат-сауықтыру
спорт кешені



Басталуы
09:00



Кіру тегін



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 570.6 \$ USD/KZT 509.51 ₸ RUB/KZT 6.3 ¥ CNY/KZT 70.72



t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





БЕЙРЕСМИ САММИТКЕ ҚАТЫСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 20-21 мамыр күндері Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитіне қатысу үшін Мажарстанға барады. Бұл туралы Ақорданың телеграм-арнасы хабарлады.

БЮДЖЕТКЕ 12 РЕТ ТҮЗЕТУ ЕНГІЗІЛГЕН

Мұндай ақпарат Үкімет пен Жоғары аудиториялық палатаның 2024 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерінің таныстырылымы кезінде айтылды. Мәселен, 2020 жылы Covid кезінде 5 рет, 2021-2022 жылдары 9 рет, 2023 жылы 7 рет өзгеріс енгізілген. Демек «жоспарлау сапасы төмен» деген тоқтам жасауға болады.

Бюджетті өзгертудің себептері де көп. Біріншіден, бюджет тапшылығы. Жыл сайын өсіп жатыр. Сол себептен Ұлттық қордың қаражатына қол салып отырмыз. Екіншіден, мемлекеттік қарыздың мөлшері ұлғайып барады. Үшіншіден, тиімсіз пайдаланылған қаражат көлемі жоғары деңгейде қалып отыр. Жоғары ауди-

торлық палатаның деректері бойынша 2024 жылы тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты мен активтер көлемі 2 есеге өсті (2023 жылы – 250,2 млрд теңге, 2024 жылы – 475 млрд теңге). Қазимемлекеттік сектор қызметінде бюджетке тәуелді болу, айтарлықтай борыштық міндеттемелер сияқты проблемалар үнемі

орын алуда. Төртінші себеп, бюджеттің игерілмеуі. 2024 жылдың қорытындысы бойынша шамамен 92 млрд теңге игерілмеген. Биыл Қаржы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Көлік министрліктерінде игерілмеген қаржы көлемі көп болды, олардың ерқайсысы 20 млрд теңге игермеген көрінеді.



ПЕДОФИЛДЕРДІ ӨМІР БОЙЫ БАҚЫЛАЙДЫ

Ішкі істер министрлігі педофилдерді жазасын өтеп шыққаннан кейін бақылау мерзімін «шексіз кезеңге» дейін ұзартпақшы. Бұл туралы Ішкі істер министрдің орынбасары Игорь Лепеха Мәжілістегі отырыстан кейін мәлім етті. Журналистердің сұрағына жауап берген Игорь Лепеха құқық бұзудың алдын алу үшін бұрын істі болғандар мен әрекеті күмәнді азаматтардың сыртынан бақылау іс-шарасын күшейту жоспарланып отырғанын айтты.

Ол бұл жаңашылдықтың қалай іске асуы мүмкін екенін педофилдердің мысалымен түсіндірді. «Қазір педофил жазасын өтеп шыққаннан кейін 8 жыл бойы біздің бақылауымызда болады. Енді сол мерзімді шексіз кезеңге дейін ұзарту мәселесін пысықтап жатырмыз» деді ми-

нистрдің орынбасары.

БАҚ өкілдері «шексіз кезең» деген ұғым өмір бойына дегенді білдіре ме деп сұрады. «Біз солай болса деп отырмыз. Өмір бойына есепте тұрғанын қалаймыз. Ол бақылаудың ішіне белгілі бір шектеулер де кіруі мүмкін. Мысалы, оған мектепке немесе

балабақша маңына жақындауға тыйым салуға болады. Ондай шектеуді сот белгілейді. Сот шешімін бұзса, біз шара қолданамыз. Қазір мұндай шаралар 8 жыл көлемінде ғана қолданылады. Енді соның мерзімін әлдеқайда ұзартқымыз келеді» деп түсіндірді ІІМ өкілі.

ЖАҒАНДЫҚ ҚАТЕРГЕ ҚАРСЫ КҮШ БІРІКТІРЕДІ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінің отырысына қатысты.

Жиын Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өтті. Іс-шара басталар алдында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Парламент делегацияларының басшыларын қабылдады. Ол ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының Ұйым қызметін заңнамалық тұрғыда қолдаудағы рөлін

тернет алаяқтықтың өсуіне аударды. Ол мұндай жағандық қауіп-қатерлерге қарсы заңнамалық тосқауыл қою үшін күш біріктіруге шақырды. Мәжіліс төрағасы қазақстандық депутаттардың осы жұмысқа белсене атсалысуға дайын екенін айтты. Бұл мәселелер бойынша Қазақстанда бұрын-

көмек көрсету және елдегі өзекті гуманитарлық мәселелерді шешу үшін халықаралық күш-жігерді біріктіруді атап өтті.

Ерлан Қошанов сөзін қорытындылай келе, өзара құрмет пен сенім ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясындағы табысты ынтымақтастықтың кепілі екеніне назар аударып, қол



жоғары бағалап, отырыстың табысты өтуін тіледі.

Ерлан Қошанов ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінде сөйлеген сөзінде әріптестерінің назарын ҰҚШҰ-ға мүше елдерде есірткінің заңсыз айналымы мен ин-

нан қалыптасқан құқықтық табысты өтуін тіледі.

Мәжіліс төрағасы Қазақстан тарапының Тәжікстан мен Ауғанстан шекарасын нығайту қажеттігі жөніндегі ұстанымын білдірді. Екінші маңызды міндет ретінде спикер Ауғанстанға

жеткізілген барлық уағдаластықтың табысты жүзеге асуына тілектестік білдірді.

Іс-шара аясында Парламент делегацияларының басшылары Бішкектегі Жеңіс монументіндегі Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАРИЯЛАНА МА?

Премьер-министр Олжас Бектенов Мәжіліс депутаттарының офшорлық аймақтардан және шетелдік юрисдикциялардан капиталды қайтару үшін рақымшылық жариялауға қатысты сауалына жауап берді.

«2001-2014 жылдар кезеңінде Қазақстанда капиталды жария етудің үш кезеңі өткізілді. Оның қорытындысы бойынша бюджетке 6,674 трлн теңге, оның ішінде бірінші кезеңде – 70 млрд теңге, екінші кезеңде 904 млрд теңге және үшінші кезеңде 5,7 трлн теңге түсті. Офшорлық аймақтардан және басқа да шетелдік юрисдикциялардан капиталды қайтару үшін рақымшылық жасау туралы ұсыныс елдің қаржылық орнықтылығын нығайту және инвестициялық әлеуетін арттыру жөніндегі

ықтимал құралдардың бірі саналады» делінген Премьер-министрдің жауабында.

Сонымен бірге Үкімет басшысы бұл мәселе кешенді әрі салмақты тәсілді талап ететіндігін қадап айтты. «Рақымшылық жасау кезінде жасалған қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің, әсіресе, егер олар ұйымдасқан қылмыстық топтың құрамында және кедендік жеңілдіктер ұсына отырып, арнайы құқықтық режим әрекеттермен, есірткі қылмыстарымен және басқа да ауыр құқық бұзушылықтармен байланысты болса, ауырлығын

ескеру қажет. Сонымен қатар төрелік даулардың тәуекелдерін, халықаралық келісімдердің сақталуын, сондай-ақ қайтарылуға жататын активтер орналасқан елдердің ұлттық заңнамасын ескере отырып, ықтимал қаржылық шығындарды ескеру керек. Айтылғанды ескере отырып, офшорлық аймақтардан және шетелдік юрисдикциялардан капиталды қайтару үшін рақымшылық жариялау туралы мәселе мұқият әрі жан-жақты талдауды талап етеді» деп жазады Олжас Бектенов.

«ҚОРҚЫТ АТА» ЖАҢА АЭА ҚҰРЫЛДЫ

Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады. Құжатқа сәйкес, АЭА Қызылорда облысында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақын 550 гектар аумақта орналасады.

Арнайы экономикалық аймақ аумағында заманауи өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті өндірістерді жедел дамыту, қызмет көрсетудің сапалы жаңа деңгейін қалыптастыру, инвестиция тарту, экономика саласында жаңа технологиялар енгізу, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтуды арттыру үшін мүмкіндіктер жасау жоспарланып отыр. АЭА-ның

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақындығы Қазақстан мен Орталық Азия нарықтарында өнімді тиімді өткізуге мүмкіндік береді. АЭА аумағында салықтық және кедендік жеңілдіктер ұсына отырып, арнайы құқықтық режим әрекет ететін болады. 2049 жылға қарай АЭА-ға салынатын инвестицияның жалпы көлемін 150 млрд теңгеге, шетелдік

салымдарды 80 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Тауарлар өндіру мен қызмет көрсету көлемі 500 млрд теңге деңгейінде болжанып отыр. Қазақстандық қамту үлесі – 90%-ға дейін жетеді. 25 жыл ішінде АЭА кәсіпорындарында 3 366 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген, қатысушы компаниялардың саны 39-ға жеткізіледі.

ЖЫР ЖҰБАНЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Астана қаласындағы «Қаламгерлер аллеясында» көрнекті ақын, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтің 105 жылдығына арналған «Жыр алаңындағы Жұбан» атты поэзиялық кеш өтті.



Шараны «Астана қаласы Мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесі мен «Астана қаласының Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірлесіп ұйымдастырды.

Кеш барысында Жұбан Молдағалиевтің шығармашылығы мен өмір

жолы кеңінен насихатталып, ақынның рухани мұрасы еске алынып, ақынның отты жырларынан үзінділер оқылып, оның азаматтық болмысы мен әдеби мұрасы туралы тағылымды ойлар айтылды.

«Астана қаласы Мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесінің дирек-

торы Жангелді Бимолдин архивтің поэзиямен байланысына тоқтала келе, ақын шығармашылығына қатысты сақталған құжаттар мен қолжазбалардың көпшілікке ұсынылуының маңыздылығын атап өтті.

Ал ашық аспан астындағы сахнада ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлері Жұбан Молдағалиевтің кеңестік кезеңдегі ерлікке пара-пар шығармашылық батылдығын атап өтті. Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай мен белгілі ақын Сұраған Рахметұлы Жұбан шығармаларының ұлт руханиятындағы орнына тоқталып, жылы лебіздерін білдірді. Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының төрағасы Бауыржан Бабажанұлы Жұбан Молдағалиевтің заманауи көзқарас тұрғысынан маңызын сөз етіп, оның шығармаларындағы партиялық тақырыптардың цензура мен заман талабынан туғанын архивтік материалдар арқылы дәлелдеді.

Кеш барысында ақынның әйгілі «Мен – қазақпын» поэмасынан үзінділер оқылып, көрнекті композитор Илия Жақановтың әніне жазылған өлеңдер шырқалды. Сонымен қатар, көрмеге ақынның жиырмадан астам кітабы, өлеңдерінің бірнеше нұсқалары және цензураға байланысты өзгертілген жолдары қойылды.

МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ФОРУМЫ ӨТУДЕ



Конгресте музей жәдігерлерін қалпына келтірудің теориялық және практикалық мәселелері талқыланды. Іс-шараға Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Беларусь, Молдова елдерінің ғалымдары мен музей қызметкерлері, сондай-ақ отандық ғалымдар мен мәдениет, өнер қайраткерлері қатысты.

Конгресс аясында «Консервация және реставрация жөніндегі ғылыми орталықтың» салтанатты ашылуы

19-21 мамыр күндері Астанада мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған Мәдениет қызметкерлерінің форумы өтуде. Форум аясында кеше Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде Мәдениет және ақпарат министрлігі мен халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының қолдауымен ІІІ Қазақстан музей конгресі өткен болатын.

жоспарланған. Сондай-ақ кеше мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани қазына – 2025» республикалық фестивалінің салтанатты ашылуы өтті. Осы күні ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Қолжетімді кітапханаларды дамытудағы заманауи стратегиялар мен цифрлық трансформация» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Ал 20 мамырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімі өтеді деп күтілуде.

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ ЕСКЕРТІЛДІ



«Заң және тәртіп» нарративі аясында балалардың жазғы демалысын қауіпсіз өткізу мен оларды ақпараттандыру мақсатында елордадағы №6 мектеп-гимназиясында «Қауіпсіздік жаздың әліппесі» атты іс-шара өтті.

Іс-шараға құқық қорғау органдарының қызметкерлері, №2 қалалық емхана, ТЖД және медициналық колледж өкілдері қатысты. Шара квест-ойын форматында ұйымдастырылып, 6 бағыт (станция) бойынша жұмыс жүргізілді.

«Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ата-аналармен қатар, білім беру ұйымдары мен мемлекеттік құрылымдардың ортақ міндеті. «Қауіпсіздік жаздың әліппесі» іс-шарасы – бұл өзектілігі жоғары, тәжірибелік мәні бар жоба» дейді №6 мектеп-гимназиясының директоры Қамажай Қуанышқалиқызы.

Іс-шара соңында Бөгенбай батыр даңғылы жағында ұзындығы 30 метрлік билборд орнатылып, балалар «Қауіпсіздік жаздың әліппесі» тақырыбы аясында жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін құрастырды.

Астанада 210 мыңнан астам оқушы жазғы демалыс кезінде лагеріне барады. Бұл туралы Астана қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев айтты.

210 МЫҢНАН АСТАМ ОҚУШЫ ЛАГЕРЬГЕ БАРАДЫ



«Жазғы демалыс кезеңінде Астана қаласы бойынша 1-10 сынып аралығындағы 210 мыңнан астам оқушыны, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал санатындағы 11 мыңнан астам баланы қамту жоспарланып отыр» деді ол.

Оның дерегінше, білім беру ұйымдарының жанынан төмендегідей лагерлер ұйымдастырылмақ. 92 мектеп жанындағы лагерь – 55 200 оқушы, 192 бейінді лагерь – 11 520 оқушы, 10 тақырыптық жоба – 142 298 оқушы, 1 қала сыртындағы лагерь 1 400 баланы қамтиды.

Сондай-ақ қала сыртындағы сауықтыру лагерлеріне 4 мыңнан астам бала жіберіледі. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен қаражат бөлінді.

«1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай Ақмола облысы Ақкөл ауданында орналасқан «Барап» балалар спорттық-сауықтыру орталығының ашылуы жоспарланған. Жоба-

лық қуаттылығы – бір ауысымда 200 бала, жазғы маусымда жалпы 1 400 бала демалады деп жоспарланып отыр. Сонымен қатар елордадағы 13 қосымша білім беру ұйымының базасында тақырыптық күндізгі лагерлер мен қолданбалы өнер, шет тілдері және жүзу бағыттары бойынша қысқа мерзімді үйірмелер жұмыс істейтін болады» деді Қасымхан Сенғазыев.

Сонымен қатар ол балалардың демалыс кезеңіндегі қауіпсіздігі – басты назарда болатынын баса айтты.

«Осыған орай білім беру ұйымдарының басшыларымен бірлесіп, Полиция, Төтенше жағдайлар, Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және қоғамдық денсаулық сақтау басқармалары өкілдерінің қатысуымен нұсқамалар, семинарлар және түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әрбір ұйымға қауіпсіздік техникасы туралы жадынамалар таратылды» дейді басқарма басшысы.

ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ ЖИЫН



Астанада Сервис және туризм колледжінде республикалық «100 бейінді сыныптар» жобасы аясында профильді сыныптарда оқитын оқушылардың қалалық слеті өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – мектеп оқушыларының кәсіби бағдарлануына көмектесу, жұмысшы мамандықтарына қызығушылықты арттыру, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім берудің беделін көтеру.

Слетте әртүрлі бағыттар бойынша оқу кейстері, шеберлік сабақтар, интерактивті іскерлік ойындар және психологиялық-педагогикалық тренингтер ұйымдастырылды. Оқушыларға автомобиль және теміржол көлігін техникалық қызмет көрсету, тігін өндірісі, дизайн, флористика, тамақтануды ұйымдастыру, медицина, педагогика, ақпараттық технологиялар және басқа да салаларда білім алу мүмкіндігі ұсынылды.

Іс-шараға 400-ден астам мектеп оқушылары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері, педагогтер мен кәсіпорын жетекшілері қатысты. Оқушылар WorldSkills халықаралық чемпионаты мен республикалық «ТОР-100» байқауының жеңімпаздарымен, сондай-ақ кәсіпорындардың жетекші мамандарымен диалог алаңдарында кездесіп, өздері үшін пайдалы тәжірибе жинады.

Жоба «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында іске асырылуда және мектеп түлектерін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына тартуды мақсат етеді.



ЖАҢА АЛЛЕЯ АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясының маңыздылығын ерекше атап өткен болатын. Осы игі бастама аясында еліміздің әскери оқу орындары да белсенділік танытып келеді.

Ұлттық қорғаныс университетінің аумағында Ұлттық ұлан түлектерінің аллеясы ашылды. Бұл бастаманы Ұлттық ұлан факультетінің бастығы, полковник Савердин Имиров ұсынған болатын.

Бұл аллея Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының, ҰҚУ басшылығының және ардагерлер кеңесінің қолдауымен жүзеге асырылды. Ашылу рәсіміне Ұлттық ұлан факультетінің бұрынғы және қазіргі басшылары мен тәлімгерлері қатысты. Олар Ішкі істер министрлігінің

орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы, ҰҰ Бас қолбасшысының орынбасары, ҚР ҰҰ Академиясының бастығы сондай-ақ факультет бастықтары және түлектері атынан қарағай ағашының көшеттерін отырғызды.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бастамашы болған «Таза Қазақстан» акциясы – жай ғана экологиялық іс-шара емес, бұл – өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік пен табиғатқа жанашырлық сезімін дарытудың жарқын

жолы. Осы акция аясында бой көтерген Ұлттық ұлан түлектерінің аллеясы – біздің тарихымыз бен сарбаздық рухымызды дәріптейтін ерекше символ» деді Қорғаныс министрлігі Әскери ғылыми-зерттеу институтының бастығы Жұмабек Ахметов.

Айта кетейік, Ұлттық ұлан түлектерінің аллеясы жыл сайын жас офицерлердің қатысуымен өтіп, жаңа көшеттермен толыға бермек. Бұл дәстүр еліміздің әскери рухын нығайтып, патриоттық тәрбие берудің жаңа бір форматына айналады.

ОН МЫҢ АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Астананың Нұра ауданында «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акция аясында ағаш отырғызу шарасы өтті. Тұран мен Д.Қонаев даңғылдарының қиылысындағы «Ғашықтар» саябағына 30 қарағай ағашы отырғызылды. Бұл іс-шараға қала тұрғындары, кәсіпкерлер, урбанистер және белсенді жандар қатысты.



Нұра ауданының әкімі Ришат Тұрдыбековтің айтуынша, көктем басталғалы бері ауданда 2 700 ағаш отырғызылған. Жыл соңына дейін 10 мың ағаш егу жоспарланып отыр.

«Урбанистика орталығы мен «Астанагенплан» институты жастармен және тұрғындармен бірге тек қана көгалдандырумен шектелмей, ауланы, ауданды, қаланы күтіп-ұстау мәдениетін қалыптастырып жатыр. Бүгінгі шараға белсенділер, урбанистер, жастар мен қаланың көгалдануына үлес қосуды қалайтын қарапайым азаматтар қатысты» дейді ол.

Ағаштар 3,5-5 метр биіктіктегі ірі көшеттер арқылы отырғызылған.

«Мен көгалдандырумен 15 жылдан бері айналысып келемін. Мұндай шаралар міндетті түрде өтуі керек. Тек сұлулық үшін емес, бұл адамдардың басын қосып, қалаға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты оятады. Бәрі кішкентай қадамнан – ағаш отырғызудан басталады» дейді «Астанагенплан» ғылыми-зерттеу жобалау институтының Ландшафтық дизайн және сәулет орталығының жетекшісі Гүлнұр Иманбекова.

Бұл ағаш отырғызудың

ерекшелігі – Green ID жүйесі. Енді әрбір ағаш цифрлы жүйеге енгізілген. QR-код арқылы оның түрін, отырғызылған күнін, тарихын және отырғызған адамның есімін көруге болады.

«Биыл астаналықтардан 2 миллион теңге көлемінде қайырымдылық қаражаты жиналды. Бұл аллеядағы әрбір ағаш – сол үлестің жемісі. Green ID – қала тұрғындарына деген алғысымыз» дейді Қалалық тұрақты даму орталығының директоры Аслан Қандығұлов. Оның айтуынша, барлық ағашқа екі жылдық күтім кепілдігі қарастырылған.

КӘСІПТІ ТЕГІН МЕҢГЕРЕДІ

Аяқкиім жөндеу кәсібі кәсіпкердің табысын жылдам арттыруға мүмкіндік беретіні белгілі. Дегенмен, кәсіби деңгейге жету үшін тәжірибе мен дағдыларды игеру маңызды. Бүгінде елорда тұрғындары JOLTAR жобасы арқылы бұл мамандықты тегін меңгере алады. Аяқкиім жөндеу және кілт жасау» курсын таңдаған жандар 12 күн бойы бұл кәсіптің қыр-сырын игереді.

«Аяқкиім жөндеу және кілт жасау істері қашанда сұраныста болады. Себебі бұл кәсіп түрлерін меңгеру ұзақ уақытты қажет етпейді және тезірек табыс табуға болады. Мен өзім бұл салада жұмыс істегендіктен, жобаға оқытушы болу туралы ұсынысты бірден қабылдадым. Курс барысында ең қажетті ақпараттарды айтып, негізгі жұмыстарды көрсетеміз» дейді курс оқытушысы Алмас Нұрбаев.

Оның сөзінше, курс бары-

сында тәжірибеге басымдық беріледі.

«Курс қатысушылары 3 күн теория оқыса, 8 күн бойы цехта тәжірибеден өтеді. Яғни олар аяқкиімді толық бөлшектеу және қайта жинауды үйренеді. Классикалық, спорттық және былғары аяқкиіммен жұмыс істеуді көрсетемін. Одан бөлек аяқкиімді қайта қалпына келтіру және химиялық тазарту әдістерін түсіндіремін. Сонымен қатар кәсіби жабдықтарда кілт жасауды үйретемін. Осы курс барысында

қатысушылар бірден екі кәсіп түрін меңгеріп шығады» дейді курс оқытушысы.

Айта кетейік, JOLTAR жобасы аясындағы қысқармерзімді оқыту бағдарламасы 18-50 жас аралығындағы Астана тұрғындары үшін тегін түрде қолжетімді. Оқудан кейін қатысушыларға сертификат беріледі. Ал түлектердің кандидатуралары JUMYSTAR.KZ атты жұмыс және қызметкерлерді іздеуге арналған сайтта тегін жарнамаланатын болады.



Аса қауіпті инфекциялардың тасымалдаушысы болып табылатын кене әсіресе көктемде қауіпті. Олардан қалай қорғанудың жолдарын Астана қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Жанна Пралиева түсіндіріп берді.

КӨКТЕМДЕ КЕНЕ ҚАУІПТІ

2025 жылдың 15 мамырына дейін Астана қаласындағы денсаулық сақтау ұйымдарына кене шағуына байланысты 168 адам жүгінген. Шағымдар, негізінен, сәуір-мамыр және тамыз-қыркүйек айларындағы эпидемиологиялық белсенді маусымға сәйкес келеді.

Маманның айтуынша, кене шаққан жағдайда мүмкіндігінше тез арада жақын жердегі травмпунктке жүгіну қажет.

– Егер медициналық мекемеге жету қиын болса, кенені өз бетіңізше алып тастауға болады. Кейін алынған материалды зерттеу үшін Желтоқсан көшесі, 46-үйде орналасқан Ұлттық сараптама орталығының мониторинг

зертханасына жеткізу керек. Кенені өз бетімен алу кезінде өте мұқият болу қажет, себебі кененің теріге кіріп кеткен тұмсығы теріде қалып қойса, бұл қолайсыз жағдай туғызады. Сондықтан кенені мүмкіндігінше тұтас күйінде, жыртып алып тастау маңызды, – деді ведомство өкілі.

Маман Астана қаласында кене энцефалиті тіркелмегенін жеткізді.

– Дегенмен, орманға, табиғатқа, саяжайға демалысқа шықсаңыз, кененің теріңізге жетуіне жол бермейтіндей киінізіз. Кене адам денесіне түсіп, шағу үшін жұмсақ тері бөлігін іздеп, 2 сағатқа дейін денеді жүре алады. Әдетте бұл:

құлақ арты, қолтық, мойын сияқты жерлер. Сондықтан шалбардың балағын шұлық пен аяқ киімге салып, жеңі мен жағасы тар киім кию ұсынылады, – деді Жанна Пралиева.

Кене шағу қаупін азайту үшін табиғатқа шыққанда денені толық жауып тұратын: ұзын жеңді көйлек, шалбар, жағасы мен жеңі тар киім киіп, киім мен ашық тері бөліктеріне кенеге қарсы арнайы құрал сеуіп отырған жөн.

Сондай-ақ мамандар серуеннен кейін адам өзін және балаларын мұқият қарап шығып, әсіресе, мойын, құлақ арты, қолтық, бел және тізе аймақтарына назар аударуы абзал екенін ескертеді.





ЗЫМЫРАН ҺӘМ ЗАПЫРАН

Ержан ҚОЖАС

«КІНДІК» АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Ғарыш айлағын Қорқыт баба жатқан Қызылорданың Қармақшы ауданына тым жақын десек болар. Адамзаттың космосты игерудегі мақсаты да осы төңіректен басталды. Әрі бұл өңірді таңдау жан-жақты ғылыми сарапталған еді. Елді мекендердің қоныстану алшақтығы, жердің экваторға жақындығы және ауа райының құрғақ болуы ғарыш ракеталарының орбитаға еш кедергісіз шығу мүмкіндігін ұлғайтқандай. Әрі Қызылорда мен қазіргі Ұлытау облысы арасында созылып жатқан Бетпақдала жазығы ғарыш аппаратының жерге қауіпсіз қонуына кепіл болды.

Қош, 1955 жылы құрылысы басталып, 1957 жылы өз тарихында алғаш ғарыш зымыранын ұшырған Байқоңырдың ғылыми жетістігі алда еді. Сол жылы ұшқан ғарыш жасанды серігі – «Спутник-1» орбитаға шықты. Арада 4 жылдан соң, 1961 жылдың 12 сәуірінде тұңғыш адам баласы космос әлеміне аттанды. «Восток» кемесімен ғарышқа сапар шеккен Юрий Гагариннің есімі тарихқа қалай қатталғаны белгілі. Аспан денелеріне арналған «Зонд», «Протон», «Прогнос» сынды зымырандар, сонымен қатар «Союз», «Прогресс», «Салют», «Мир» секілді ғарыш кемелері мен орбиталық станциялар осы Байқоңырдан аттанып жатты.

Байқоңырдан бір жылда 15-тен кем емес ракета ұшады деген дерек бар. Тіпті одан көп болуы мүмкін. Бұл мәлімет ғарыштық сапардың бір жылдық ғылыми миссияларына, жерсеріктер санына, халықаралық келісімдер, саяси не өзге де климаттық жағдайларға қатысты өзгеріп отырады. Мысалы, пандемия кезінде ғарышқа ұшу Байқоңырда саябырсығандай. Жергілікті халықтың сөзінше, қазіргі Ресей-Украина қақтығысы қарсаңында мұндай ұшыру бұрынғыдай көп болмапты. Жалпы қандай не қанша зымыран ұшса да, олардың басым бөлігі Халықаралық ғарыш станциясына жүк немесе экипаж жеткізу, сондай-ақ Жер орбитасына телекоммуникациялық, метеорологиялық және әскери мақсаттағы спутниктерді шығарады.

Бір қызығы, ғалымдар бертінде дәлелдеген «Байқоңыр – жер кіндігі» деген атаудың Сыр өңірінде ілгеріден барын сыртқы жұрт біле бермес. Өзіміз

Әуелден біздікі ме, әлде жалға алынған болған соң өзгенікі ме деп бас қатыратын бір жер болса, ол «Байқоңыр» ғарыш айлағы шығар. Бір белгілісі, Қазақстан үшін ғана емес, адамзат өркениетінде тарихы ерекше стратегиялық нысанда космостық ұшыру өте көп. Әлем бойынша солай. Аумағы үлкен айлақтың (6717 шаршы шақырым) басты міндеті – ғарыштық зымырандарды құрастырып, оны ұшыруға дейінгі барлық үдерісті атқару. Ашық дереккөздерде мұнда 9 ұшу кешені, зымыран-тасығыштар мен ғарыш аппараттарын сынақтан өткізетін 11 техникалық ғимарат, отын мен газ құюға арналған 3 станса, сондай-ақ 2 аэродром бар екені айтылады.

де ауыл ақсақалдарынан естігеніміздей, Қазалы ауданы мен Байқоңыр қаласы маңайына жақын «Кіндік» дейтін жер атауы бағзыдан бар деседі. Көңіл жұбанарлығы, Ресей қарамағында болса да, біздің мемлекет Байқоңырды толыққанды жаңғырту арқылы өз ғарыш саласын дамытуға күш салуда. Мысалы, кейінгі жылы қолға алынған бір бастама – «Бәйтерек» жобасы. Көрші Ресеймен бірлескен бұл жобаның мүддесі – экологиялық қауіпсіз зымыран тасығыштарды қолдану арқылы ғарыш кемелерін ұшыру. Ал екінші бір пайдасын айтсақ, Қазақстан ғарыш туризмін дамыту, жекеменшік серіктестіктерді тарту және ғарыш технологияларын коммерцияландыру бағытында да тым тәуір жұмыс істеуде. Тіпті кешегі сәуірде Алматыда Қазақстан мен Ресейдің Сыртқы істер министрлері Мұрат Нұртілеу мен Сергей Лавров Байқоңыр жағдайын талқылап, оның ішінде «Бәйтерек» бірлескен ғарыш кешенін дамыту жайын да ақылдасқаны белгілі.

ЖАЛҒА БЕРІЛГЕН ЖЕР ҚАЙТСА...

Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру туралы шартқа сәйкес, кешен 2050 жылға дейін жалға берілген. Ал жылына жалдау құны – 115 млн АҚШ доллары. Түскен қаржы елдің Бюджет кодексіне сәйкес жұмсалады.

Бүгінде Ресей жалға алған жерлердің бір бөлігі Қазақстанға қайтады деген мәлімет бар. Осыған қатысты қандай да бір ауқымды жұмыс барын жергілікті биліктен сұрастырдық. «Байқоңыр» кешенінің өзекті мәселелері бойынша жыл сайын «Байқоңыр» Қазақстан-Ресей

үкіметаралық комиссиясының отырысы өтеді. Бүгінде комиссия отырысының шешіміне сәйкес «Байқоңыр» кешенінің кейбір жер учаскелерін Төретам және Ақай елді мекендері тұрғындарына жайылымдық жер ретінде жалдан шығаруға жұмыс жүргізілуде. Қос тараптан құрылған жұмыс тобы далалық зерттеу, жалдан шығарылатын жер учаскелері шекараларын нақтылау жұмысын атқарады. Жалдан шығарылатын жер учаскесінің жалпы ауданы шамамен 200 мың гектарды құрайды. Анықталған жер учаскелерінің координаттарын келісу бойынша жұмыс тоқтаған жоқ. Аталған жұмыс аяқталған соң алыс-беріс актісі және т. б. рәсімдер жүргізіледі» деп көрсетіпті ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету бөлімі.

Бұған қоса, Қызылорда облысы әкімдігі Ресей жалға алған «Байқоңыр» кешенінің нысандарын жалдау құрамынан шығару және әлеуметтік қамсыздандыру мен кәсіпкерлік объектілерін ашу үшін облыстың коммуналдық меншігіне беру бойынша тұрақты жұмыс жүргізуде. Мәселен, әкімдік жаңа кәсіпкерлік нысандарын ашу үшін жалдан шығарылған 9 нысанды мүдделі инвесторларға беру пысықталуда.

«Байқоңыр» космодромы 1994 жылдан бастап жалға берілді. 2004 жылы ол мерзім 50 жылға созылды. Менің естуімше, ресейліктер ондағы кейбір жұмысын тоқтатып жатыр, оған қазіргі саяси және экономикалық жағдай әсер етіп жатқан шығар. Байқоңырдың миллиондаған гектарды алып жатқан жерді жалдау ақысы – небәрі 115 млн доллар. Ол да бұрын ҚТЖ-ға қосалқы бөлшектермен, басқа да техникалармен есеп айырысумен

өтелген. Бірақ космодромның қоршаған ортаға, халық денсаулығына келтірген зияны қанша? Оны ешкім зерттеп, есептеп жатқан жоқ. Жалпы Байқоңыр мен Төретам, Ақайда 80 мың халық тұрады делік. Ал егер Ресей Байқоңырды тастап кетсе, олардың бар тіршілігі қаламен байланысты болған соң далада қалады. Сондықтан Байқоңырды осы кезден машина жасау сияқты өндіріс орнына не болмаса халқын солтүстікке қоныс аударуға көмек жасау қажет. Мұндағы қазақтардың өз атында үйі де жоқ, олар қызметтік пәтерде тұрып жатыр. Ал Ресей өз азаматтарына мемлекетінің кез келген қаласынан үй береді» дейді Қызылорда қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Болат Нұрқожаев.

Оның сөзінше, жер мәселесі Байқоңырда өршіп тұр. Әсіресе кәсіпкерлерге тым қиын. Бір уақыттары өздері сатып алған ғимарат пен жер меншігі бола тұра, олар бар салықты Ресейге төлеуге мәжбүр. Өйткені біз жақтағы сату кезінде бір кездері заңсыздық болғанға ұқсайды. Бұдан бөлек, мектеп, аурухана, балабақша сынды әлеуметтік балабақша сатып алуға жетерлік. «Бір сөзбен айтқанда, біз жерді адамдарымен бірге жалға беріп жіберген сияқтымыз» дейді ол.

ҚАЛАҒА КӨМЕК БАР, ДЕГЕНМЕН...

Қазір Байқоңыр қаласында 55,9 мың адам бар. Бұл – ресми дерек. Оның ішінде 39,8 мыңы (71%) Қазақстан, 14,8 мыңы (26%) Ресей және 1,3 мыңы (3%) басқа мемлекеттердің азаматтары екен.

Жергілікті билік халық тұрмысын жақсартуды ұдайы назарда ұстайтынын айтады. Әсіресе білім мен денсаулық саласына қажетті нысандарды жаңартуда.

Мысалы, былтыр Байқоңырда 2 балабақша ашылып, бала кезегін қысқартуға сеп болған. Сондай-ақ қалада 12 мектеп болса, соның 5-еуі қазақстандық стандартпен жұмыс істейді.

«Мемлекетаралық келісімге сәйкес, денсаулық сақтау саласында Байқоңырда қазақстандық және ресейлік медицина ұйымдары қызмет көрсетеді. Аурухананың материалдық-техникалық базасын жаңарту жұмысы жүргізілуде, қазақстандық азаматтарға барлық қажетті медициналық көмек көрсетіледі. Қалада гемодиализ орталығының қызметіне жүгінетін мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасау үшін жеке кәсіпкермен келіссөздер нәтижесінде көпбейінді ауруханада гемодиализ орталығы ашылды. Былтыр облыс әкімі тапсырмасымен аурухана 806 млн теңгеге заманауи жабдықтармен қамтылды» деп жауап береді өкілдік қызметі.

Ресми мәліметте айтылғандай, бұған дейін қаланың сумен жабдықтау және су беру жүйелері жалдан шығарылып, облыстық меншікке қабылданған болатын. Аталған жүйелерді қайта құру және жаңғырту мақсатында 2021 жылы 11,4 шақырым көріз желісі қайта жаңғыртылған. Жобаны одан әрі іске асыруға 12,6 млрд теңгеге үш кезеңді негізгі жоба-смета құжаты әзірленіпті. Жоба аясында 94,6 шақырым су құбыры және 84,6 шақырым көріз желілерін жөндеу жоспарлануда. Аталған жұмыстарды бастауға мердігермен былтыр 768 млн теңгеге келісімшарт жасалған. Осы қаржыға 3,2 шақырым көріз су жүйесі жаңғыртылды. Қазір мұндай жұмыстар жүріп жатыр. Сонымен қатар Төретам кенті мен Ақай ауылдық округін жалғайтын айналма жолға күрделі жөндеу жүруде.

«Аталған жол жалдан шығарылып, Қармақшы ауданы әкімдігінің теңгеріміне берілді. Жолдың ұзындығы – 5,3 шақырым, ені – 6 метр. Аталған жолды күрделі жөндеуге жоба әзірленіп, мемлекеттік сатып алу жұмысы жүргізілді. Жобаның құны – 1,176 млрд теңге» деп жазылған ресми жауапта.

Тағы бір жаңалық, былтыр облыс әкімі Н.Нәлібаев пен Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы К.Бусыгин Байқоңыр қаласының мәселелері жөнінде кездесу өткізіп, облыс тарапынан «Байқоңыр» кешенінің 70 жылдық мерейтойына орай қаладан дене шынықтыру-

сауықтыру кешенін салу туралы уағдаластық болған. Бүгінде осы нысан бойынша да құрылыс жүріп жатыр.

ТОҚЕТЕРІ: БАЙҚОҢЫРҒА БӘРІ КЕРЕК

Бір қызығы, қаланың байырғы тұрғыны, ардагер-заңгер Қамза Қыстауұлы жоғарыда айтылған кейбір ресми жауапқа келіспейтінін айтады. Оның сөзінше, қаладағы 350-ге тарта көпқабатты үй ширек ғасыр жөндеу көрмей, апатты жағдайда тұр. Ал әлемдегі теңдесі жоқ космодром айлағы тонауға түсті.

«Қаланы көкірек көзі ояу кез келген бір бейтаныс азамат аралап шықса, мен оның шошитынына бек сенемін. Қала тұрғын-жайлары әбден тозған. 352 көпқабатты үйдің 1955 жылы алғашқы құрылысы басталса, соңғы үйлері 1989 жылы салынған. Қаланың ұзындығы – 7, ені – 7 шақырым. Қалада ұзындығы 97 шақырым көріз жүйелерінің құбыры 3 метр тереңдікте жатса да еш ауыстырылмаған. Олардың іші бітелген, шөген құбырлар шіріген, яғни жанарту жоқ. Қысы-жазы осы көріз желісі бойында ылғи жөндеу жұмысы жүреді де жатады. Ол жөндеу көше қозғалысын жауып, көліктер тоқтап, ақыр соңы қала халқының шыуына ұласатыны белгілі. Айтпақшы, осы көріз су қалдығы дарияны кесіп өтіп, қаладан 15 шақырым жердегі «сасық көлге» құяды. Бір қызығы, 2021-2028 жылдарға біздің Үкімет осы ауыз су және көріз құбырларын жаңғыртуға ақша бөлген. Ал Ресей жағы бір тиын да бөлген жоқ» дейді Қамза Қыстауұлы.

Ардагердің айтуынша, 2022-2024 жылдары қаладағы 3 мөлтек ауданның басты 2 көріз жүйесі ауыстырылған. Бірақ іс шала болып шығыпты. Арты дау болып, құзырлы орындар мен сот арқылы үлкен кемшіліктер анықталған.

«Ал енді былтыр күзде, қыста ауыстырған 5-7 шақырым көріз жүйесін жүргізгенде жолындағы 50-70 жылдық талдарды сүріп тастап отырған. Ал халық әдемі өсіп тұрған ағаштардың қирауына енженулі. Құбырларды салуда инженерлік талаптар сақталмай, қайта аршылып жатқан кездер болды. Мынадай өнімсіз жұмыспен 97 шақырым көріз құбырын қай уақытта салып бітіретіні маған белгісіз» деп ашынады ардагер.

P.S: Байқоңырға көп көмек керек. Қала инфрақұрылымы тұралап тұр. Зымыраннан соң запыран жәтқан халық жұмыссыздығы өз алдына, мұндағы әлеуметтік нысандардың тозуы, қала тіршілігінің көмектен кенже қалуы ахуалды тым төмендеткендей. Расымен, әлем назар тіккен Байқоңырдың болашағын Үкімет қайта бағамдаса жөн болар еді...

ӨРІПТЕС ТУРАЛЫ ӨНГІМЕ

Атын сырттай естіп жүргеніммен, Оңқаңмен жақын таныстығым осыдан 38 жыл бұрын Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетіне Зайсан ауданы бойынша меншікті тілші болып орналасқан кезімде басталды. Ағамыз бұл кезде Алматыдағы жоғары партия мектебін бітіріп келіп, газеттің өнеркәсіп және құрылыс бөлімінің меңгерушісі, редколлегия мүшесі болып қызмет істеп жүр екен, мақалаларды көсілтіп жиі жазатын. Содан көп өтпей 1990 жылдың сәуірінде «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі болып, өсіп кетті. Мен де көп өтпей меншікті тілшіліктен облыстық газет редакциясына ауысып, Өскемен қаласына көшіп келдім. Екеуміз қаланың көрнекті жерінен салынған, ұлы Ертіс өзенінің жағалауына жақын орналасқан жақсы үйдің екі кіреберісінде көрші тұрдық. Біраз іссапарға да бірге шықтық. Облыстық әкімшіліктен ағамызға бекітілген қызмет бабындағы «Волга» машинасы бар, көбінесе сонымен шығамыз. Сонда бір байқағаным, Оңдасын ағамыз қай ортада болмасын өзін еркін ұстайды. Республикалық бас басылымның меншікті тілшісі ретінде өзін көрсете біледі. Кейде облыстағы атақты металлургия комбинаттарының, өнеркәсіп орындарының басшылары басқосқан отырыстарда тоқалайсып қалған кезімде, былайда көкірегіне нан ісіп әдеттенген ұлы халықтың өкілдерінің өзі Оңқаңның ба-



Оңдасын ағамыз халықаралық дүбірі жер жарған спорт жарыстарының ешқайсысынан қалмай, әсіресе, әлемдік Олимпиадалар мен чемпионаттарды құр жібермейтін. Онда барып қана қоймай, айналасы 2-3 айдың ішінде олардың әрқайсысы туралы жеке кітап жазып, оны бастырып та үлгеретін

тылдығы мен мысынан тайсақтап, артық-ауыс кете алмай отыратынын, Оңқаңның оларды журналист ретінде сөзбен ығыстырып тастайтынын байқап қалдым.

Жалпы Оңқаңның бойында адамды тәнтгі ететін, кейде тіпті тандандырып тастайтын қасиет көп. Соның бірі – жазуды өте шапшаң жазатыны, екіншісі – бас басылымның облыстағы меншікті тілшісі бола жүріп, өзінің қызмет істеп тұрған кезінде халықаралық дүбірі жер жарған спорт жарыстарының ешқайсысынан қалмағаны, әсіресе, әлемдік Олимпиадалар мен чемпионаттарды құр жібермегені. Мұндай жерден Оңқаңды тоқтату қиын. Өйткені жолдама болмаған жағдайдың өзінде, өз қалтасындағы қаржысын шығарса да барады. Афина Олимпиадасына өзінің су жаңа «Шоха» көлігін сатып

ГИННЕСС КІТАБЫНА ЛАЙЫҚТЫ

Бүгінде 75-тің белесіне көтеріліп отырған белгілі спорт журналисі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, бұл күндері елорда тұрғынына айналған Оңдасын Елубай ағамыз екеуміз жерлеспіз. Шығыстың бір түкпіріндегі Зайсан ауданының түлегіміз.

барғанын көпшілік біледі. Барып қана қоймай, айнала-сы 2-3 айдың ішінде олардың әрқайсысы туралы жеке кітап жазып, оны бастырып та үлгереді. Сондықтан Оңқаңның басқа еңбектерін былай қойғанда, тек спорт тақырыбына арналған 20-дан астам кітабы бар. Бұл жағынан ағамызды Гиннесстің рекордтар кітабына енгізуге әбден болады.

Оңдасын ағамыздың тағы бір тамаша қасиеті – жасы 75-ке келсе де, ешуақытта тыным таппайтын тынымсыздығы. Осы қасиетінің арқасында, Астанаға көшіп келгеніне 2,5 жыл болса да, осында ширек ғасырдай уақыт тұрып жатқан менен гөрі қаланың сырлары мен жаңалықтарын жақсы біліп отыратыны. «Бауырым-ау, анау Қатаркөлдегі тамаша шипажайға зейнеткерлерге өте арзан жеңілдікті бағамен жолдама береді

екен. Жақында жеңгең екеуміз барып келдік. Соған неге бармайсың келінді алып?!» дейді. «Жақсы, барайын» деп қоямын. Тағы бір кездескенде «Осында Семей полигонынан зардап шегушілерді тегін емдейтін жақсы госпиталь бар екен. Жеңгең екеуміз сонда жатып, асықпай ем қабылдап шықтық. «Семей полигонынан зардап шегуші куәлігі» сенде де бар ғой. Ал осындай госпитальдің барын білуші ме едің?» деп сұрайды. Білмейтінімді мойындауға тура келеді. «Ендеше мен сені ертіп барайын» дейді. «Жақсы!» деймін. Сол «жақсымен» 2 жылдан бері келе жатырмын.

Менің түрім осындай болғандықтан, ілесуге оншама жарай бермейтіндіктен, Астанаға келгеніне 2-3 жыл болған ағамның іші пысып кетер ме еді, егер өзіміздің Зайсаннан өңірдің атақты шежірешісі, халқымызға танымал сөзжұмбақшы әрі абайтанушы (тек қана Абай атамызға арналған 8 сөзжұмбақ кітабын шығарған) бұл күндері 80-нің сенгіріне көтеріліп отырған ағамыз Қалибек Алтыбаев көшіп келмегенде. Бұл ағамыз да Алла берген денсаулықтың арқасында үйде босқа жатпай, Астананың акадмиялық кітапханасына барып, күн сайын кітап кеміреді. Осы кітапханада 2-3 рет оқырманмен жүздесу өткізіп үлгерді. Оның үстіне тоғызқұмалақтан жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды еншілеуде. Жақында Қалибек ағамыздың құрметіне өзі секілді қоғамдық тұрғыдан белсенді азаматтар арнайы іс-шара өткізіп, оған қала әкімдігінен арнайы адамдар қатысқан екен. Оңдасын ағамыз бұл шараның да басы-қасында болып, шара барысынан фоторепортаж жүргізіп, біраз жерге таратты. Былайша айтқанда, тыныш жата алмайтын типтік екі зайсандықтың Арқа төрі – Астанада бас қосып, қаланың қоғамдық өміріне белсене араласып жатуы өте қуанарлық жағдай ғой. Қайнап жатқан Астананың өзі де осындай белсенді, білімді адамдарымен көрікті емес пе?!

Оңдасын ағамыздың қаншама құрлықтар мен елдерді кезіп, спорт жарыстарына қатысуының соңынан із қалды. Олардың барлығы үлкен-үлкен кітаптарға ұласып, спорт жанкүйерлері мен оқырмандардың сүйіп оқытын игілігіне айналды. Тізе берсек жетерлік. «Шымыр келер шығыстың ұл-қыздары», «Алтайым – алтын тамырым», «Аялайық Алтайды», «Жанарымда жасыл құрлық», «Ежелгі Элада елінде», «Дүниені дүбірлеткен

жеті дода», «Айшылық алысқа алты сапар», «Турин тағылымы», «Күлімдеген күншығыс елінде», «Париж-Сидней: саңлақтар самғауы», «Өмірді суретпен өрнектеп», «Алатауды дүбірлеткен он бір күн», «Алашты асқақатқан Азида», «Жеңіс жалауын желбіреткен жетеу» және тағы басқа... Осы кітаптардың бірнешеуі орыс тіліне де аударылғанын білеміз. Міне, осылардың барлығы нәтижелі өмірдің белгісі емес пе?!

Оңдасын Елубай – көп жылғы журналистік еңбегі лайықты бағасын алып келе жатқан есімі елге белгілі қаламгер. Соның айғағындай ол мемлекеттік марапат – «Құрмет» орденінің, Қазақстан Республикасы Құрмет грамотасының, онға тарта төсбелгінің иегері, Өскемен қаласы мен Зайсан ауданының құрметті азаматы, Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстанның құрметті спорт қызметкері.

Ағамыздың үлгілі отбасының отағасы екенін де айта кеткеніміз жөн болар. Құдай қосқан жары Жүрсін жеңеміз – ұлағаты ұстаз. Қыздары Райхан мен Әсем – білікті маман. Оңдасын мен Жүрсін – бүгінде шөбере сүйіп отырған бақытты ата-әже.

– Астана күн сайын құлпырып келеді. Сонау 1997 жылдың күзінде «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшілерін сол кездегі облыс әкімі Жәнібек Кәрібжанов еліміздің астанасы болуға дайындалып жатқан Ақмолаға жинап, қаланы аралатты, біраз кәсіпорынға апарды. Қала шағын, көріксіздеу екен, ескі үйлерден көз сүрінеді. Ал қазір ше? Еліміздің бас қаласы адам танымастай өзгеріпті. Келершеkte де Астана өсіп-өркендей бермек, – дейді жанкешті спорт шежірешісі.

– Мерейтойыңызға не сый тартасыз? – деген сауалымызға:

– Жақында «Алматы-Болашақ» баспасынан менің «Көзден кетсе де...» деген жаңа кітабым жарық көрді. Ол кітапта Жақсылық Үшкөмпіров, атақты сумошы Самат Рамазанов, экстракласы төреші Түсіпхан Сайханов, есімі елге белгілі өзге де азаматтар туралы естеліктер бар. Ал келесі фотоальбом кітабына өзім қатысып, куә болған спорт саңлақтарының жеңісті сәттерін бейнелейтін суреттер енген, – дейді Оңдасын ағамыз.

Жасай беріңіз, жаза беріңіз, аға!

Сұңғат ӘЛІПБАЙ,
Ақпарат саласының
үздігі



ЭТНОМӘДЕНИ КӨРМЕ

Астананың Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған көрме өтуде. Мазмұны жағынан ол екі негізгі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім «Біртұтас көпұлтты Қазақстан» деп аталады. Бұл бөлімде елімізде өмір сүретін этностардың тарихи қалыптасу жолы, Қазақстан халқы ассамблеясының құрылу кезеңдері мен қызметі кеңінен баяндалған. Мұнда 200-ден астам тарихи құжаттар, фотосуреттер мен заттай экспонаттар қойылған. Сонымен қатар ассамблеяның даму тарихына қатысты сирек архивтік материалдар мен жинақтар ұсынылған. Екінші бөлім «Көпұлтты Қазақстанның мәдени мұрасы» деп аталады. Мұнда Қазақстанда тұратын 25 этнос-

тың 350-ге жуық бірегей жәдігері көрсетілген. Экспозицияға зергерлік бұйымдар, қолөнер туындылары, мүсіндер, бейнелеу өнері шығармалары, сирек кітаптар және тарихи құндылықтар қойылған. Барлық экспонат еліміздің этномәдени байлығын, рухани әртүрлілігін және ұлттық бірегейлігін айшықтайды.

– Бұл көрме – тек мәдени шара ғана емес, еліміздің бірегей үлгісін көрсететін маңызды платформа. Қазақстан әлемге этникалық және діни алуандылық арасындағы үйлесімді бірлік моделін ұсынады. Бұл

көрме арқылы еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін, әр этностың қосқан үлесін және ортақ болашақ құру жолындағы бірлескен қарамдылығымызды көрсетеміз, – деп атап өтті Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығы сыртқы байланыстар және ақпараттық жұмыс департаментінің басшысы Руслан Ибраев.

Көрме келушілер үшін күн сайын сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін ашық, сағат 12:00 мен 17:00-ге дейін арнайы экскурсиялар тегін өтеді, көрме мамырға дейін жалғасады.

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Астана-Теплотранзит» АҚ қара металл сынықтарының сауда-саттығын өткізу туралы хабарлар етеді:

1. Сауда-саттықты өткізу кезеңі 2025 жылғы мамыр айы.
2. Сауда-саттық «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ жанындағы «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ «E-QAZYNA.KZ» мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталының электрондық сауда алаңында бағаны көтеруге өткізілетін болады.
3. Қара металл сынықтары туралы мәліметтер: саны – 1 348,802 тн, орналасқан жері – Астана қаласы, Алматы

ауданы, I.Жансүгірұлы көшесі, 7; әл-Фараби көшесі, 86.

4. 1 тонна үшін қара металл сынықтары мен қалдықтарының бастапқы бағасы сәйкес – ҚҚС-сыз 63 900,0 (алпыс үш мың тоғыз жүз) теңге, «ФениксКоммерс» бағалау компаниясы» ЖШС жылжымалы мүлікті бағалау туралы 2025 жылғы 23 сәуірдегі №146/04/2025 есебіне сәйкес бастапқы жалпы құны – 1 348,802 тонна қара металл сынықтары мен қара металл қалдықтарының құны 86 188 448 (сеген алты миллион жүз сексен сегіз мың төрт жүз қырық сегіз) теңге.
5. Сауда-саттыққа тапсырыс беруші «Астана-Теплотранзит» АҚ-тың байланыс деректері және орналасқан жері – Астана қаласы, I.Жансүгірұлы көшесі, 7, тел.: 8 (7172) 77-12-61, 8 (7172) 77-12-17, ұялы тел.: 8-701-240-45-44.

Құрметті ата-аналар! «Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4140000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарлауыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың «Жолкөлік кешенінің басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ЖШС мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы «Есіл» жалпы білім беретін жекеменшік орта мектебі болып табылады. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек. Бұл білім беру мекемесінде жылда ата-ана төлемі төленбейді. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torg

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

«Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ұйытқы болуымен өтіп жатқан іс-шаралар алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін барлық медициналық мекемеде, сондай-ақ жастар денсаулық орталықтарында өтуде. Сонымен қатар мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында лекциялар мен кездесулер, ата-аналармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары басталды. Басты мақсат – жастар арасында денсаулық мәдениетін қалыптастыру, жыныстық тәрбиені дұрыс жеткізе білу және ата-аналарды осы бағыттағы маңызды үдеріске тарту» дейді Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова.

ТАҚЫРЫП: ИНФЕКЦИЯ МЕН ВАКЦИНАЦИЯ

Апталықтың негізгі тақырыптарының бірі – жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың (ЖЖБИ), соның ішінде адамның иммун тапшылығы вирусының (АИТВ) алдын алу. Жатыр мойны қатерлі ісігінің алдын алу мақсатында адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы 11 жастағы қыздарды вакцинациялау туралы кең көлемде ақпарат берілуде.

Айта кеткен жөн, 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақстан бойынша 11 жастағы қыздарға АПВ-ға қарсы вакцинациялау енгізілгені белгілі. Бұл – әйелдер денсаулығын қорғаудағы маңызды қадам, себебі жатыр мойны қатерлі ісігі әлемде әйелдер арасында кең таралған онкологиялық аурулардың біріне айналып кетті. Деректерге сүйенсек, Астана қаласында әйелдердің жалпы саны 853574 адамды құрайды, олардың жартысына жуығы – репродуктивті жастағы әйелдер (15-49 жас аралығы). Бұл көрсеткіш ұлт денсаулығы тұрғысынан репродуктивті мәселелердің өзектілігін білдіреді.

ӘЙЕЛ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҚОҒАМ САУЛЫҒЫ

Астана қаласында мамыр айының үшінші аптасынан бастап репродуктивті денсаулық апталығы басталды. Оның аясында халықтың, әсіресе жасөспірімдер мен жастардың жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы білімін арттыру көзделген.



– Отбасын жоспарлау – денсаулық кепілі. Жүктілікті жоспарлау арқылы әйел мен ер адамның денсаулығын жақсартуға, сондай-ақ дүниеге сау ұрпақ әкелуге жағдай жасалады. Жүктілікке дейінгі дайындық (прегравидарлық дайындық) – бұл әйел мен ер адамның денсаулығын жақсартуға және бала көтеруге қолайлы жағдай жасауға бағытталған кешенді шаралар. Оған дәрігер кеңесін алу, зертханалық талдаулар тапсыру, алдын ала вакцинация, зиянды әдеттерден бас тарту,




дұрыс тамақтану және белсенді өмір салтын ұстану жатады. Жүктілікті жоспарлаудың бұл кезеңі – болашақ баланың денсаулығына тікелей әсер ететін факторлардың бірі, – дейді №7 қалалық емхананың акушерлік және гинекология бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарушы Алтынай Берікова.


ЖАСТАР ОТБАСЫН ҚҰРУҒА ДАЙЫН БА?

Қазіргі таңда Астана қаласында 12 жастар денсаулық

мандары жүктілікке дайындық, жасанды түсіктің зияны мен қауіптерін, жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу туралы жан-жақты кеңес береді. Айта кетерлігі, қаланың алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемелерінде де отбасын жоспарлау кабинеті жұмыс істейді. Бұл бөлімшелерде ерлер мен әйелдерге репродуктивті денсаулықты сақтау туралы ұдайы ақпарат беріледі. Қорытындылай келе, репродуктивті денсаулық апталығы – бұл әрбір азаматтың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауын еске салатын маңызды бастама. Денсаулық сақтау жүйесі елорда тұрғындарына сапалы, қолжетімді медицина көмегін көрсету, жастарға білім беру және аурулардың алдын алу бағытында мұндай жүйелі жұмысты әрі қарай жалғастыра бермек.



2024 ЖЫЛЫ ЖАСТАР ОРТАЛЫҚТАРЫНА ЖҮГІНГЕНДЕР САНЫ: 110 000



ТӘТТІНІҢ АЩЫ АЗАБЫ

Ел денсаулығына төнген басты қауіптің бірі – қант диабетінің күрт көбеюі. Бұл — жай ғана ауру емес, адамның өмір сапасын төмендететін, күнделікті күтімді қажет ететін, асқину қаупі жоғары созылмалы дерт. Соңғы жылдары бұл сырқатқа шалдығу себептерінің арасында тәтті газдалған сусындар мен қантты ішімдіктерді тұрақты тұтыну алдыңғы қатарға шықты. Әсіресе балалар мен жасөспірімдердің тәтті сусындарға деген тәуелділігі қоғам үшін дабыл қағарлық деңгейге жетті.

Қант диабеті – бұл қандағы глюкоза мөлшерінің ұзақ уақыт бойы қалыптан тыс жоғары болуы. Мамандар диабеттің екі түрі бар екенін айтады. «I типті диабет көбіне кішкентай балада немесе жас кезде дамиды, яғни инсулин мүлдем өндірілмейді. II типті диабет ересектер мен артық салмағы бар адамдар арасында жиі кездеседі, бұл жағдайда инсулин өндіріледі, бірақ ағза оны тиімді пайдалана алмайды. Қазіргі таңда дәл осы II типті диабет қарқынды таралып келеді және оның басты себептерінің бірі – тәтті сусындарды шамадан тыс тұтыну» дейді елордалық дәрігер Нилуфар Жақсылықова.

ӘР 40 АДАМ ҚАНТ ДИАБЕТІНЕ ШАЛДЫҚҚАН

Соңғы 5 жыл ішінде Қазақстанда қант диабетімен ауыратындар саны 31%-ға өсіп, 400 мың адамға жетті. Бұл – ел халқының шамамен әрбір қырқыншы адамы қант диабетіне шалдыққан деген сөз. Олардың басым бөлігі – 35 жастан асқан азаматтар, алайда соңғы

жылдары жасөспірімдер мен жастар арасында бұл ауруға шалдығу жиілеп барады. «Мен қант диабетімен 2 жыл бұрын ауырдым. Университетте оқып жүргенде газды тәтті сусындарсыз өмір сүре алмайтын едім. Күніне кемінде екі бөтелке ішетінмін. Басында мән бермедім. Кейін бойымда әлсіздік, ашуланшақтық пайда болды. Диагноз – II типті диабет. Қазір күнде дәрі, күнде тексеріс. Ең өкініштісі, осының бәрін болдырмауға болар еді. Тәтті сусын дәмді ғой, бірақ оның артында тұрған қауіп өте үлкен. Жастарға айтарым – денсаулықпен ойнамаңыздар! Бір стакан су мың есе артық» дейді елорда тұрғыны Айдана Мұратқызы. Мамандар бұл тенденцияның негізгі себептерінің бірі ретінде тәтті газдалған және энергетикалық сусындардың қолжетімділігі мен танымалдығын ерекше атап өтеді. «Қант диабеті тек жүре пайда болатын дерт емес, ол тұқым қуалау жолымен де келеді. Қант диабетіне шалдықтыратын қауіп факторлары өте көп. Мәселен,

тұқым қуалаушылық, өмір сүру салты, артық салмақ, ұйқы безінің жіті және созылмалы аурулары, тәтті сусындарды шамадан тыс тұтыну және тағы басқа. Сонымен қатар қант диабеті неврологиялық ауруларға шалдыққан науқастар үшін де қосымша диагноз ретінде ауру ағымына және ауырлық дәрежесіне өте қатты әсер етеді» дейді резидент-невролог Әйгерім Пернебай. Оның айтуынша, газдалған және тәтті сусындардың 1 литрінде 20-30 шай қасыққа дейін қант болуы мүмкін. Мұндай жоғары мөлшерде қантты күнделікті тұтыну қандағы глюкозаның үнемі жоғары деңгейде болуына әкеледі. Ұйқы безі қандағы қантты реттеу үшін үнемі инсулин бөледі. Алайда тәтті сусындарды жиі ішкен кезде ағза бұл гормонға «үйреніп», инсулинге төзімділік пайда болады. Бұл – II типті қант диабетінің алғашқы кезеңі. Тәтті сусындар – «бос калория» көзі. Яғни олар энергия береді, бірақ ешқандай зерттік затпен қамтамасыз етпейді. Бұл іш майының жиналуына және



артық салмақтың пайда болуына әкеледі, ал бұл өз кезегінде қант диабетінің дамуына түрткі болады. Қантты сусындардағы фруктоза бауырда май түрінде жиналып, майлы гепатозға (бауырдың майлануына) себеп болады. Бұл жағдай инсулинге төзімділікті одан сайын күшейтіп, диабеттің даму мүмкіндігін арттырады.

АРТЫҚ САЛМАҚ АРТЫП БАРАДЫ

Қазақстандағы 11-15 жастағы балалардың 17%-ы күн сайын, 14,5%-ы аптасына бірнеше рет тәтті сусын ішеді екен. Балалар арасындағы артық салмақ көрсеткіші – 23%. Бұл – келешекте

ұрпақтың айтарлықтай бөлігі жас кезінен бастап қант диабетіне шалдығуы мүмкін деген сөз. Бұған энергетикалық сусындар да қосылады. Олар – қант пен кофеиннің қосындысынан тұратын өте қауіпті өнім. 2025 жылдан бастап Қазақстанда 21 жасқа дейінгі азаматтарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салынды. Қазіргі уақытта еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі тәтті сусындарға литріне 100 теңге салық салуды ұсынып отыр. Бұл өз кезегінде тұтыну деңгейін 16%-ға төмендетіп, қарапайым суды тұтынуды 41%-ға арттыруы мүмкін. Салықтан түскен табыс ЖІӨ-нің 0,25%-ын құрап, денсаулық сақтау саласын

қаржыландыруға бағытталмақ. Мұндай салық әлемнің бірнеше елінде өз тиімділігін дәлелдеген. Қант диабеті – кең етек алғанмен, алдын алуға болатын дерт. Ол үшін, ең алдымен, тәтті сусындарға тәуелділікті азайту қажет. Бұл – мемлекет, қоғам және әрбір азамат болып бірлесіп күресуді талап ететін мәселе. Тәтті сусынды бүгін ішкен бала ертең инсулинге тәуелді ересек адамға айналуы мүмкін. Сондықтан таңдау ертең емес, бүгін жасалуы тиіс.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің студенті



«МУЗЕЙ ТҮНІ»: КӨРЕРМЕНДЕР КӨП КЕЛДІ

Астанада Халықаралық музейлер күніне орай ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Музей түні» өтті. Ашылу салтанатында министр Аида Балаеваның арнайы құттықтауы оқылып, музей саласында ұзақ жыл еңбек етіп жүрген үздік мамандар марапатталды.

Гүлмира
АЙМАҒАНБЕТ

Соңғы 10 жылдан бері дәстүрге айналған акцияға жыл сайын қатысушылар саны ұлғайып келеді. Бұл ел азаматтарының музейге деген көзқарасының өзгергенін, мәдени-рухани дүниеге қызығушылықтың артқанын айқын көрсетеді.

«Ерекше кеш ұлттық мұрамызға, төл тарихымыз бен мәдениетімізге деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, музей кеңістігін заманауи мәдени платформа ретінде тануға жол ашады. Мазмұнға бай бағдарлама түрлі жас санатына байланысты келушілерге пайдалы уақыт өткізуге мүмкіндік беріп отыр» деді музейді тамашалауға келген елорда тұрғыны, мәдениеттанушы Данияр Ахметұлы. Күндіз мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Балдырған гид» жобасы, «Мирас» үйірмесінің экскурсиясы және «Күміс жас» жобасы шеңберінде Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қатысуымен экскурсия ұйымдастырылса, «Жәдігерлер

сөйлейді» театрландырылған экскурсия аясында «Алтын адам» мен ежелгі ханшайымдардың бейнесіндегі кейіпкерлер көрермен көзайымына айналды. Сонымен қатар «Дала әуендері» атты этно-DJ-сет ескі әуендерді заманауи ритммен ұштастыра отырып, бүгінгі жастардың көңілін бір серпілтті. Одан бөлек, «Ұлы дала. Тарих. Гравюра» көрмесі, «Асыл мұра» көрмесі, «Қолөнершілер жәрмеңкесі» мен зергерлік бұйымдар, керамика, мата, кілем және киіз бұйымдарын қалпына келтіру бойынша шеберлік сабақтары келушілерді аталмыш өнердің қыр-сырымен жақын танысуға мүмкіндік берді. Мәселен, «Жан біткен жәдігерлер» квест-сабағы мен «Музейдегі түн» квест-ойыны келушілерге тарихи жұмбақтарды шешуге, өнер мен мәдениетке жаңаша көзқараспен қарауға ықпал етті. Ал концерт бағдарламасы аясында Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның симфониялық және үрмелі аспаптар оркестрі, Бірлескен мұражайлар дирекциясына қарасты Ұлттық өнер

мұражай бөлімі және «Joshy Qazaq National Group» этно-фольклорлық ансамблі, Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының «Гүлдер» ансамблі өз өнерін ұсынды.

Мәдени кештің қызықты жобаларының бірі – «Жұлдызды гид». Бұл формат аясында елімізге танымал тележүргізушілер музей залдарын аралатып, келушілерге ерекше шолу экскурсияларын ұсынды. Аталған жобаға әріптесіміз, «Elorda Aqparat» ұжымының директоры Олжас Сыдықбек те қатысты. Ол «Ежелгі және орта ғасыр тарихы» залы бойынша әсерлі әрі мазмұнды экскурсия жүргізіп, келушілерді қазақ даласының көне дәуірден орта ғасырларға дейінгі бай тарихымен таныстырды. Көпшілікке заманауи форматтағы бұл таныстыру үлкен әсер қалдырды.

«Музей түні» – бұл жай ғана көрме емес, ұлттық сана мен тарихи жадыны жаңғыртудың жаңаша жолы. Әсіресе жастар үшін музейді ресми мекеме емес, мәдени диалог алаңы ретінде таныту – жобаның басты жетістігі.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Бас қаладағы Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда Voice Astana шығармашылық студиясының жас орындаушылары мен «Ерекше мерекелер» қоғамдық қорының балалары қатысқан Sunpy voice-2025 есептік концерті өтті.



Концерт Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Сахнада 30-ға жуық өнерпаз өнер көрсетті,

олардың арасында ең кішкентайы – 4 жаста. Қонақтарға мазмұнды музыкалық бағдарлама ұсынылды: жеке

әндер, фортепианолық шығармалар және ансамбльмен қойылымдар. Негізгі мақсат – балалардың, оның ішінде ерекше қажеттілігі бар балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету, олардың дамуына қолайлы және достық орта қалыптастыру.

Voice Astana студиясының негізін қалаушы Махаббат Мұхамеджанованың айтуынша, концерт бағдарламасын балалар өздері тандаған, ал педагогтар қосымша ұсыныстар берген.

«Көрермендер үздік қойылымдарды тыңдады. Әрине, ерекше балалармен жұмыс істеу оңай емес, төзім қажет. Бірақ бірінші кезекте махаббат тұруы тиіс. Біз балаларға үнемі сахнаға шығып, өздерін нағыз өртіс ретінде сезінуге мүмкіндік беруге тырысамыз. Бұл – біздің басты мақсатымыз» деді ол.

Концертке қатысушы, студия оқушысы Елена Палий де өз әсерімен бөлісті: «Бұл – менің екінші өнер көрсетуім. Концертке лирикалық шығарма тандадым. Дайындық шамамен екі айға созылды. Мұндай іс-шаралар өте маңызды деп есептеймін. Олар балаларға бейімделуге, сахнадан қорықпауға, көпшілік алдына шығуға, өздерін қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуге көмектеседі» деді жас өнерпаз.

ГИМНАСТШЫЛАР – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Сингапурде өтіп жатқан көркем гимнастикадан Азия чемпионатында Астана қаласының спортшылары еліміздің атын тағы бір мәрте әлемге паш етті.

19 мемлекеттен 100-ден астам спортшы қатысқан жарыста елордалық №1 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің командасы көпсайыс бағдарламасында алтын медаль жеңіп алып, Қазақстанның көркем гимнастика тарихында тұңғыш рет командалық есепте жеңіс тұғырынан көрінді.

«Бұл – отандық гимнастика үшін аса маңызды әрі тарихи жетістік. Бұған дейін мұндай жоғары нәтиже тіркелмеген еді. Олар білікті команданың жеке бапкері Меруерт Балғынбаева мен хореограф Шыңғыс Оспанбаевтың

жетекшілігімен жоғары дайындығын көрсетіп, қарсыластарынан оқ бойы озық шықты. Астаналық гимнастшылардың бұл жеңісі – ел спортындағы үлкен серпіліс пен жас буынға шабыт беретін айтулы оқиға» дейді №1 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің басшысы Қуат Тілегенов.

Жеңімпаз команданың құрамында Жасмин Жүнісбаева, Кристина Чепульская, Аида Хакимжанова, Айзере Кеңес, Айзере Нұрмағамбетова және Мадина Мырзабай сынды дарынды спортшылар өнер көрсетті.



ЖАҢБЫРҒА ҚАРАМАЙ ЖҮГІРДІ

Марафонға 5 мыңнан астам желаяқ қатысып, екі қашықтықта жүгіріп өтті. Оның ішінде 1174 қатысушы 21 шақырымды, 2872 қатысушы 10 шақырымды еңсерді, 300-ден астам қатысушы басқа өңірлерден келді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ауа райының қолайсыздығына қарамастан, тіркелген қатысушылардың 90 пайыздан астамы марафонға қатысу үшін келген. Қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында марафон өткен уақыт аралығында, яғни сағат 7:00-10:00 арасында елорданың Р.Қошқарбаев даңғылы, Д.Қонаев, Достық және Ақмешіт көшелері ішінара жабылды.

Марафонда балалар үшін арнайы қашықтықтар ұйымдастырылды. 4-9 жас аралығындағы балалар 400 метрге, ал 10-13 жас аралығындағы жеткіншектер 1 шақырымға жүгірді. Балалар мерекелік атмосфераны

сезініп, алғашқы медальдарын тақты. Сонымен қатар, әр балаға естелік ретінде жұмсақ ойыншықтар тарту етілді.

ВІ Fest аясында саябақта көптеген қызықты іс-шара өтті. Қатысушыларға тегін палау таратылып, фото-зоналар жасалып, ұлттық ойындар көрсетілді, бағалы сыйлықтар ойнатылды.

Бұл марафонның тағы бір маңызды бөлігі – «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау. Жаңбырлы ауа райына қарамастан, еріктілер мен тазалықшылар саябақты тазалау жұмысын жүргізіп, экологиялық мәдениетті насихаттады.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – ЕРКІН ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 58
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Ержан ҚОЖАС